«Рауан» инклюзивті балабақшасы

# *2024 - 2025 оқу жылына арналған*

# *Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету*

# *жұмыстарының жоспары*

(ортаңғы топтар)

*Педагог-психолог: Б.Калиева*

Scanned with CamScanner

20 24 - 20 25 оқу жылына арналған

Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту және түзету

«ОЙНА ДА ДАМЫТ!» бағдарламасының

тақырыпты –күнтізбелік жоспары

**Мақсатты топ:** ортаңғы топтар

**Барлығы 27 сабақ:** аптасына 1-рет 20 мин.

| Айы | Күні | Ұйымдастырылған оқу қызметі | Тақырыбы |
|---|---|---|---|
| Қазан | 7, 8 | 1 | «Жайқалған гүлдер» |
| | 14, 15 | 2 | «Қызықты бейнелер» |
| | 21, 22 | 3 | «Артық транспорт түрін тап!» |
| | 28, 29 | 4 | «Ақылды саусақтар» |
| Қараша | 4, 5 | 5 | «Кім қандай киім киген екен?» |
| | 11, 12 | 6 | «Пайдалы және зиянды тағам» |
| | 18, 19 | 7 | «Суретшіге көмектес» |
| | 25, 26 | 8 | «Кім несімен пайдалы?» |
| Желтоқсан | 2, 3 | 9 | «Бірдей заттар» |
| | 9, 10 | 10 | «Тәулік мезгілдері» |
| | 23 | 11 | «Аяз ата келеді» |
| | 24 | 12 | «Үйшік» |
| Қаңтар | 6 | 13 | «Сиқырлы нүктелер» |
| | 13, 14 | 14 | «Көңілді зообақ» |
| | 20, 21 | 15 | «Ермексаз елі» |
| | 27, 28 | 16 | «Сиқырлы тамшылар» |
| Ақпан | 3, 4 | 17 | «Көңілді балықтар» |
| | 10, 11 | 18 | «Анамызға арналған гүл вазасы» |
| | 17, 18 | 19 | «Көктем гүлдері» |
| | 24, 25 | 20 | «Көңілді гномдар» |
| Наурыз | 3, 4 | 21 | «Кімге не қажет?» |
| | 11 | 22 | «Көңілді бағдаршам» |
| | 17, 18 | 23 | «Ауа, көк аспан және қара жер» |
| | 31, 1 | 24 | «Бақша гүлдері» |
| Сәуір | 7, 8, 14 | 25 | «Дос болайық!» |
| | 15, 21, 22 | 26 | «Ойыншық қуыршақ және солдат» |
| | 28, 29 | 27 | «Мейірімге толы сөздер» |

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№1 «Жайқалған гүлдер»**

«22» қазан 2014 ж.

**Мақсаты:** Балаларды өз қатарластарымен қарым-қатынас жасау дағдыларына бейімдеу. Ұсақ моторикалық және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар.
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Ізгі тілектер хоры» - сәлемдесу рәсімі**<br>Мақсаты: Позитивті эмоционалдық фон құру, топ бірлестігін арттыру.<br>Нұсқаулық: Психолог балалардың шеңбер бойымен, бір – бірлерінің қолдарынан ұстап тұруларын сұрайды. Балалар өздерін таныстырып, күлімсіреп, бір – бірлеріне ізгі тілектер және жылы сөздер айтулары керек. | Балалар, шеңбер бойымен тұрып, өздерін таныстыра, күлімсіреп, бір – бірлеріне ізгі тілектер және жылы сөздер айтады. | 2 мин. |
| 2 | **«Үкі» - қозғалыс ойыны.**<br>Нұсқаулық: балалар ойын бастаушы – үкіні сайлайды. Үкі ұясында ұйықтап отырады. Осы уақытта балалар жүгіріп – секіре ойнай бастайды. Сол кезде жүргізуші «Түн» болды деп жар салады. Барлық ойыншылар орындарында қатып қалады. Үкі оянып, ұша жөнеледі. Кімде – кім қозғалса, не болмаса күліп жіберсе – сол үкі болып сайланады. Осылайша ойын жалғасын табады. | Балалар ойын бастаушы – үкіні сайлайды. Асыр салып ойнайды. «Түн» деген команда берілгенде орындарында қатып қалулары керек. | Әуен<br>3 мин. |
| 3 | **«Қырыққабат» - саусақ ойыны.**<br>Мақсаты: моториканы және сөйлеу қызметін дамыту<br>Нұсқаулық: Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды.<br>Біз қырыққабатты кесеміз. Сәбізді өткіземіз үккіштен.<br>Үстінен молынан тұз себеміз. Бастыртамыз күшпенен. | Балалар психологпен бірге айта отырып, қимылдарын қол көмегімен сипаттайды. | 2 мин. |
| 4 | **«Жайқалған гүлдер» жаттығуы.**<br>Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту, қол қозғалысын үйлестіру, визуалды қабылдау.<br><br>Нұсқаулық: Психолог балаларға: Кане гүлдеріміз жайқалып, әрі әсем болып өсуі үшін оларды суғарайық. Қолымызға қалам алып, үзік сызықтарды жалғап шығайық және гүлдерді алуан түстерге бояуға болады. | Үзік сызықтарды жалғап, гүлдерді бояп шығады | Бланк<br>10 мин. |
| 5 | **«Гүл ойнады» - релаксация және тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсаты: Өзін-өзі босатудың әдістерін үйрету.<br>Нұсқаулық: Балалар орындықта отырып, бірқалыпты тыныс ала, ұйқыдағы гүлдердің рөлін ойнайды. Тыныш оянып, орнынан тұрып, жапырақтарын жайқалта керіледі. Алақандарын жаз күнге қарай созылады. Барлық іс – қимыл жеңіл әуенмен сүйемелденеді. | Орындықта отырып, бірқалыпты тыныс ала, ұйқыдағы гүлдердің рөлін ойнайды. Тыныш оянып, орнынан тұрып, керіледі. | Музыка<br>5 мин. |
| 6 | Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді | 2 мин. |

Тексерілді: [signature]

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№2 «Қызықты бейнелер»**

«19.11 қазан 2024»

**Мақсаты:** Әлеуметтік сенімді қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын, ойлауын дамыту, визуалды қабылдау, қоршаған ортамен таныстыру.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар.

Педагог-психолог: Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Шаттанайық кане» - сәлемдесу рәсімі.**<br>Күн, шаттан, алақай!<br>*[illegible]*<br>Қуанышты күн келді.<br>*[illegible]*<br>Күлім шықты күн бүгін.<br>*[illegible]*<br>Қайырлы таң, Қайырлы күн – Балақай!<br>*(Бір-біріне қол бұлғап амандасады)* | **Тақпақты бірге қайталай отырып,** қимыл қозғалыстары арқылы сәлемдеседі | **5 мин** |
| 2 | **Рөлдік гимнастика**<br>Мақсаты: балаларды ортамен таныстыруға және алуан түрлі **байланыс әдістерін меңгеруге көмектесу.**<br>**Нұсқаулық: Психолог балаларға – күндей күлімсіреп, бақадай секіруге, кез – келген тақпақты сыбырлап айтып шығуға, күшік сияқты ырылдап, күн сәулесіндегі марғау (мысықтың баласы) сияқты күлімсіреген бейнелерді жасап шығуды ұсынады.** | **Айтылған** тапсырмаларды **орындап шығады.** | 7 мин. |
| 3 | **«Не жоғалды» - ойыны.**<br>**Мақсаты: визуалды қабылдауды дамыту**<br>**Нұсқаулық: Психолог балаларға: Суреттегі ойыншықтарды қарап шығып, қандай бөлшектері жетіспейтіндігін атап және оларды салып шығайық.**<br> | **Суреттегі жетіспейтін бөлшектерді көрсетіп, оларды салып шығады.** | **Бланк 11 мин.** |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>**Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды?** | **Сұрақтарға жауап береді.** | **2 мин.** |

**Тексерілді:** [signature]

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№3 «Артық транспорт түрін тап!»

«[illegible]» қазан 2024 ж.

**Мақсаты:** Әлеуметтік сенімді қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, ойлауды, визуалды қабылдау, қоршаған ортамен таныстыру.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Дос» - сәлемдесу рәсімі**<br>Нұсқаулық: балалар шеңбер бойына жиналып, қолдарынан ұстап, бір – біріне күлімсірей қарап:<br>Мен сенің досыңмын, сен менің досымсың!<br>Тілейтінім тек саған, достарымыз көп болсын! | Сәлемдеседі | **2 мин.** |
| 2 | **«Не жоғалды?» - ойыны**<br>Психолог үстел үстіне бірнеше заттар немесе суреттер қояды. Бала барлығын мұқият қарап шығып, теріс қарап тұрады. Психолог бір затты алып тастайды. Бала қалған заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет. | Үстел істіндегі заттарға мұқият қарап шығады, сосын теріс қарап тұрады. Заттарға қарап, жоғалған затты атауы қажет. | **Суреттер немесе ұсақ заттар**<br>5 мин. |
| 3 | **«Артық транспорт түрін тап!» - ойыны**<br>Мақсаты: Транспорт түрлерімен таныстыру, классификация.<br>Психолог балаларға суретте көрсетілген транспорт түрлерін атап, оларды топтарға жіктеп шығуын және суреттегі артық транспорт түрін  көрсетуін ұсынады. Түрлі – түсті қаламдармен транспорт түрлерін бояп шығу тапсырылады. | Суретте көрсетілген транспорт түрлерін атап шығады, артық транспортты көрсетеді және бояп шығады. | **Бланк**<br>**13 мин.** |
| 4 | **«Сырнай» - релаксация және тыныс алу жаттығуы.**<br>Мақсаты: бет бұлшық – еттерін босаңсыту, әсіресе ерін айналасы.<br>Психолог: «Қане сырнай тартып ойнайық. Сәл тыныс алып, сырнайымызды ернімізге апарайық. Баяу ғана демімізді шығарайық, деміміз шығарда ернімізді сырнай үрлегендей алға созайық. Сосын қайта қайталаймыз. Ойнаймыз! Қандай керемет оркестр!». | Орындықтарда отырып, сырнай тартқандай тыныс алу жаттығуларын орындайды. | **Әуен**<br>**3 мин.** |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** [illegible]

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету - дамыту оқу қызметі
№4 «Ақылды саусақтар»

«18» қазан 2021 ж.

**Мақсаты:** Оқушының сенімді қалыптастыру, ұсақ моторика, есте қабылдау жадын дамыту

**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар

Педагог-психолог: Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | «Күн шуағы» - сәлемдесу рәсімі.<br>Арайлап таң атты.<br>Алтын сәуле таратты. [illegible]<br>Жарқырайды күніміз.<br>Жарқырайды нұрымыз.<br>Қайырлы таң күніміз! [illegible] | Тақпақты айта отырып, қимылдастарын бейнелей отырып сәлемдеседі | 2 мин |
| 2 | **«Өз қалпыңды есте сақта» - ойыны.**<br>Мақсаты: Есте қабылдау жадын дамыту.<br>Нұсқаулық: Балалар зал ішінде кең шеңбер бойына жиналады. Әркім қандайда бір қалыпта тұрулары қажет және естеріне сақтап алулары керек. Музыка қосылғанда – барлық балалар жан – жаққа жүгіре жөнеледі. Музыка тоқтасымен әркім өз орындарына оралып, баяғы қалыптарында қатып қалулары керек. | Әр бала қандай да бір қалыпта тұруы, оны есте ұстауы қажет. Музыкамен қозғалып, өшірілгенде сол орында сол қалыпта қайта тұруы керек. | [illegible] |
| 3 | «Қуыршақты құрастыр» - дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: Бет бейнесі, дене бөлшектері туралы түсінік қалыптастыру. Нұсқаулық: Психолог балаларға жинастырылмаған кескінделген үлкен және кішірек екі қуыршақ бөлшектерін ұсынады. Нақты тапсырма береді: «Үлкен қуыршақтың үлкен аяғын тапта, орнына орналастыр!»; «Кіші қуыршақтың аяғын тапта, орнына орналастыр!»; | Сәйкес қуыршақ бөлшектерін тауып, орнынан орныктырады. | Екі қуыршақ кескіні 12 мин. |
| 4 | **«Ақылды саусақтар» - ойыны.**<br>Мақсаты: алақан саусақтарын өзіндік уқалауға үйрету.<br>Психолог балаларға саусақтарды қалай дұрыс уқалау қажеттігін көрсетеді және не үшін екендігін түсіндіреді:<br>«Ауырмасын басымыз деп - уқалаймыз бесбармақты,<br>Тынысымыз бір қалыпта болсын деп – уқалайық сұқ саусақты,<br>Ал ішіміз үшін – уқалайық ең ортаңғы саусақты,<br>Аты жоқ саусақ – көтеріңкі болсын деп көңіліміз,<br>Кішкентай бөбек – соғу үшін жақсы жүрегіміз!» - деп. | Балалар психолог көрсеткенін қайталай отырып, саусақтарын уқалайды | 6 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді: ~~Асембі~~ Сейтова Л.

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№5 «Кім қандай киім киген екен?»**

«15» қараша 2021 ж.

**Мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеу қабілетін, естіп қабылдау дағдыларын дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар

**Педагог-психолог: Калиева Б.Ш.**

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Күн туды» - сәлемдесу рәсімі.** Бәрімен бір – біріміз қарап, күлімдеп, ойланып көрейікші: бүгін біздің бірге осында болуымыз – қандай жақсы. Біз – сабырлы және сыпайы, мейірбан және мейірімдіміз. Бүгін біз не тілейміз... (балалардың атын атап, өткен күндердегі жетістіктерін айтады.) ал сендер маған не тілейсіңдер? (Балалар жауап береді). Терең дем аламыз және демімізді шығарғанда өткен күндегі барлық өкпе, реніш, уайымымызды ұмытамыз. Өздеріңнен сергектік және жаңа күн сұлулығын, күн шуағының жылуымен бұлақтай мөлдір тазалық тарат[illegible]. Мен сендерге жақсы көңілкүй мен бір – бірлеріне деген мейірім тілеймін! | Балалар бір-бірімен амандасып, өткен күндердегі істеген жақсы істерін естерінe алады, сұрақтарға жауап береді. | 5 мин. |
| 2 | **«Кім қандай киім киген екен?» - ойыны.** Психолог: «Кім қызыл жейде киген? Отырсын» немесе «Кім қара шалбар киген? Шапалақ соқсын!» - деп, балалардың киген киімдеріне қарай тапсырмалар береді. Балаларға ойынды өздерінің жалғастыруына усыныс жасаймыз. | Балалар берілген тапсырмаларды орындайды. | 5 мин. |
| 3 | **«Шарфқа арналған шашақты желбіршек» - ойыны.** Мақсаты: моториканы, визуалды қабылдауды дамыту. Психолог шашақты желбіршектерді алдын -ала дайындап алады. Балалардың тапсырмасы - осы желбіршектер ілінетін шарфты қағаздан кескіндеп дайындау. | Қағаздан кескіндемелер кесіп, шашақтарды жапсырады. | Қалам, қағаз және қайшы [illegible] |
| 4 | **«Көздеріміз демалсын...» - көзге арналған жаттығу.** **Қане терең тыныста, Көздеріміз демалсын...** *(Көздеріңді жұмамыз)* Қарашықты айнала, дөңгелене қозғалсын... *([illegible])* **Ашып жауып көзіңді, бірнеше рет қайтала...** *(Көздеріңді ашып - жұмамыз)* **Көзім міне демалып, қарайлаймын қуана...** *(Көздеріңді ашып, қуанамыз)* | Балалар психологтың айтқан нұсқаулығы бойынша көз жаттығуларын жасайды. | 5 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау. Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | [illegible] |

**Тексерілді:** [signature]

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту ОҚ ҚМК

**№6 «Пайдалы және зиянды тағам»**

«12» қараша 2021 ж.

**Мақсаты:** ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, назар аудару және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар

Педагог-психолог: Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Түйнек» - сәлемдесу рәсімі.**<br>Мақсаты: Қарым – қатынас жасау дағдыларын дамыту.<br>Нұсқаулық: балалар жарты шеңбер жасай отырады. Психолог ортада тұрады. Жіп түйінегінен саусағына орап, түйнекті үзбей бірінші отырған балаға «Не жақсы көресің?» - деп сұрақ қоя отырып лақтырады. Бала тосып алып, түйнектен саусағына орап, жауабын береді де, келесі балаға лақтырады. Келесі балада осылай жасайды. | Балалар жартылай шеңбер бойымен отырып, түйнекті тосып алып, сұраққа жауап бере жіпті саусағына орайды және келесі ойыншыға сұрақ қоя жіп түйінегін береді. | **5 мин.** |
| 2 | **«Пайдалы және зиянды тағам» - ойыны.**<br>Психолог балаларға суреттер жинағын ұсынып, пайдалы және зиянды тағам түрлерін топтарға жіктеулерін ұсынады. | Суреттерді екі топқа жіктейді | **Әр түрлі тағамдар салынған суреттер жинағы 8 мин.** |
| 3 | **«Көбелек» - көзге арналған жаттығуы.**<br>**Ұйықтап жатты гүл – көктем,**<br>*(Көздерімізді жұмамыз, оларын саусақтарымызбен, салақ және сұқ қарындарымызды басып уқалаймыз)*<br>**Оянып кетті бірақ кенеттен...**<br>*(Көздерімізді ашып - жұмамыз)*<br>**Қайта ұйқы келмеді, Қолын сермеп, керілді**<br>*(Қолдарымызды соза керілеміз)*<br>**Жан – жағына қарайлап, Қанат қақты көкке енді.**<br>*(Басымызды қозғалтпай көз қарашығымен қарайлап, денемізді сілкінеміз)* | Психолог көрсеткен жаттығуларды қайталайды | **5 мин.** |
| 4 | **«Тілазар сыңарым» - қозғалыс ойыны.**<br>Психолог балаларға алдын – ала келісілген бір қимыл көрсетеді, ал балалар сол қимылдың қарама қарсы нұсқасын жасаулары керек (мысалы: психолог секірсе, балалар отыру керек). Кім қателесіп, көрсетілген қимылды қайталаса, сол ойыннан шығады. Сонымен қатар қайталауға болмайтын қимылдар санын арттыруға және әркімге өз қимылдарын ойлап табуға мүмкіндік беруге болады. Әр бала өз қимылын ойлап табуы қажет. Яғни, бала жүргізушінің ғана емес, ойыншылардың әсер ету ықпалына берілмейді. Бұл жаттығу – әсіресе ұяң келген балалар үшін тиімді. | Алдын ала қимыл түрлері келісіледі, әркім өз қимылын ойлап табады. | 5 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** [signature]

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№7 «Суретшіге көмектес»**

«11,10» қараша 2024ж.

**Мақсаты:** визуалды қабылдау дағдысын, қозғалыс белсенділігін, сөйлеу мәдениетін және ойлау қабілетін дамыту.

**Мақсатты топ:** ортаңғы топ

Педагог-психолог: Калиева Б.Ш

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Армысың, шұғылалы Алтын - күн» сәлемдесу рәсімі**<br>Армысың, қайырымды Аспан - Ата!<br>*(екі қолымыз жоғарыда)*<br>Армысың, мейірімді Жер - Ана!<br>*(екі қолымыз жүректен құшақ жая)*<br>Армысың, шұғылалы Алтын - күн!<br>*(екі қолымыз жоғарыдан төмен күн шуақтарын бейнелеу)*<br>Әрқашанда Көкте күліп күн тұрсын!<br>*(екі қолымыз қайтадан жоғарыда)* | Балалар тақпақты айта отырып, сәлемдеседі. | 2 мин. |
| 2 | **«Суретшіге көмектес» - жаттығуы.**<br>Нұсқаулық: Балаларға салынбай қалған бөлшектері бар суреттер көрсетіледі. Ол сол бөлшекті атап, салып бітіруі және бояп шығуы қажет.<br> | Салынбай қалған бөлшекті айтып, салып бітіреді және бояп шығады. | Қосымшада көрсетілген суреттер жиыны. 15 мин. |
| 3 | **«Тыныштық қалыбы» - релаксация жаттығуы.**<br>Мақсаты: релаксация жаттығуы тынышталуға көмектеседі, сол арқылы бұлшық – ет қалыбын босаңсыту.<br>Нұсқаулық: бала ыңғайланып орындыққа отырады, қолдары екі санында бос қалыпта жатады. Басы төмен қараған, көздері жұмулы күйде. Психолог өлең оқиды, ал балалар көздерін жұмып, тыңдап отырады. Жай дауыс, ұзақ үзіліс үлкен тыныштық береді. «Кірпіктері жіберіліп, көздері жұмылады, біз тыныш демаламыз,. Демалған жақсы, бірақ тұратын уақыт та болды...» | Релаксация жаттығуларын орындайды. | 5 мин. |
| 4 | **«Шырылдауық шегіртке» - сергіту жаттығуы.**<br>Мақсаты: қозғалыс белсенділігі.<br>Балалар тақпақты қайталай отырып, қозғалыс жаттығуларын орындайды.<br>Иығымызды көтеріп, шегірткедей секірсек...<br>Бір – екі, бір – екі, Әлденейік біз енді.<br>Тыныш қана тыңдайық. Тыныш, тыныш...<br>Бір секір тез мүлде, тыныштық бұзған мезетте... | Балалар тақпақты қайталай отырып, қозғалыс жаттығуларын орындайды. | 3 мин. |
| 5 | Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** Сейтова А.

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№8 «Кім несімен пайдалы?»

«16» қараша 2024 ж.

**Мақсаты:** қоршаған ортамен танысу, классификация, көрнекі қабылдау дағдысын, ойлау қабілетін, қол қимылы координациясын дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топтар

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу рәсімі**<br>**Сәлем, аспан!**(Қолымызды көтереміз)<br>**Сәлем, күн!**(Қолымызбен үлкен шеңберді суреттейміз)<br>**Сәлем, Жер!**(Қолымызды жерге бағыттай)<br>**Сәлем, Жер шары!**(басымыздың үстінен үлкен шеңбер жасаймыз)<br>**Сәлем, біздің үлкен отбасы!**<br>(Барлық балалар бір бірінің қолын ұстап жоғары көтереді) | Балалар тақпақты айта отырып, сәлемдеседі. | **2 мин.** |
| 2 | **«Кім несімен пайдалы?» - ойыны.**<br>Мақсаты: қоршаған ортамен танысу.<br>Нұсқаулық: психолог балаларға – жан – жануарлардың, өсімдіктер мен жәндіктердің қандай пайдасы бар екендігін әңгімелеп береді. Қазіргі жыл мезгілін сұрайды, неге суық кезеңдерде жәндіктер мен кей құстардың болмайтындығын сұрайды. Ойын ойнайды: «суық» деген команда бойынша балалар ұйқыдағы жәндіктерге айналуы қажет, «жылы» командасы берілгенде жәндіктер оянып, асыр салады. | Ойын ойнайды: «суық» деген команда бойынша балалар ұйқыдағы жәндіктерге айналуы қажет, «жылы» командасы берілгенде жәндіктер оянып, асыр салады. | **Үй жануарлар ының дидактикал ық ойын жинақтары**<br>**8 мин** |
| 3 | **«Ақшақар» - ойыны.**<br>Мақсаты: визуалды қабылдау<br>Нұсқаулық: Психолог: «Балалар, қане тиінге бірдей қар ұлпаларын табуға көмектесейік және ұнаған қар ұлпаларын бояп шығуларына болады».<br> | Қалам көмегімен бірдей қар ұлпаларын байланыстырады. | Бланк, түрлі – түсті қалапсап<br>**5 мин.** |
| 4 | **«Жел» - сергіту жаттығуы**<br>Балалар қимыл – қозғалыстары арқылы желдің қозғалысын сипаттайды. «Тыныш, тыныш» сөздеріне отырады, «қатты соқты» сөздеріне – жоғары созылады.<br>*Ертемен де, кешпен де, ертемен де, кешпен де,*<br>*Тынымы жоқ зулдап желаяқ жел ескенде.*<br>*Тауды, тасты, ой-қырды, аралап кең даланы,*<br>*Сай-саланы қуалап шаршамай зыр қағады.* | Балалар қимыл – қозғалыстары арқылы желдің қозғалысын сипаттайды. | **5 мин.** |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | **2 мин.** |

Тексерілді: Сейтова А.

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі

№9 «Бірдей заттар»

«13» наурыз 2024ж.

**Мақсаты:** әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау, ойлау қабілетін, визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу рәсімі**<br>Мақсаты: жағымды қатынас қалыптастыру және қозғалыс белсенділігін дамыту.<br>Нұсқаулық: балалар бір – бірімен амандасып, жұптасып, бір – бірімен жақсы достар, ханзада мен ханшайым сияқты, қол алысып, саусақтарымен және т.с.с. амандасады.<br>*Ән айтуға барамыз*<br>*Досымызды табамыз*<br>*Сәлеметсің бе, міне мен*<br>*Дос болайын сенімен...* | Балалар тапсырылған шарттар бойынша сәлемдеседі. | 2 мин. |
| 2 | **«Заттарды атап шық» - ойыны.**<br><br>Мақсаты: сөйлеу мәнерін және әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлауды дамыту.<br>Нұсқаулық: суретте бейнеленген заттарға қарап, олардың не мақсатта қолданылатын айтып бер. Бала өз ойын толық сөйлем күйінде жеткізе білуі, ол сөйлемдер арқылы қысқаша әңгіме құрастыра алуы қажет. Заттардың тұрмыста қолдану қажеттілігін айта алуы керек. | Суреттегі заттарды атап, олардың тұрмыста қолдану мақсаттарын айтады. | Тұрмыстық заттар бейнеленген сурет. 10 мин. |
| 3 | **«Бірдей заттар» - жаттығуы.**<br><br>Мақсаты: зейін аудару және визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.<br>Нұсқаулық: қоршау ішінде тұрған бейнелерді тауып көр. | Сәйкес фигураларды табады. | Бланк 7 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** Сеитова Л.

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту ОҚУ ҚЫ...**

**№10 «Тәулік мезгілдері»**

«3 10» желтоқсан 2024 ж.

**Мақсаты:** әлеуметтік – тұрмыстық бағдарлау, ойлау қабілетін, визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу рәсімі**<br>Жарқырап күнде ашылды,<br>Айналаға гүлдер шашылды<br>Қайырлы күн!<br>Біз нәзік қыздармыз!**(қыздар)**<br>Қайырлы күн!<br>Біз ержүрек ұлдармыз!**(ұлдар)** | Балалар сәлемдеседі. | 2 мин. |
| 2 | **«Үтік» - жаттығуы.**<br>Мақсаты: зейін және ұсақ моторикасын дамыту.<br>Жуан қалам алып,үстел үстіне қой. Оң қолмен, сосын сол қолмен үйкеле.<br> | Саусақ гимнастикасын орындайды. | Жуан қалам<br>3 мин. |
| 3 | **«Суретті қара да, есте сақта» - ойыны.**<br>Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Нұсқаулық: қағазда бейнеленген суреттерді мұқият қарап шық. Қағазды теріс аударып, сұрақтарға жауап бер.<br> | Суретті мұқият қарап шығып, бейнеленген сәйкескендерді есіне сақтап алып, айтып шығу. | Заттар бейнеленген суреттер<br>7 мин. |
| 4 | **«Менің отбасым» - саусақ гимнастикалық жаттығуы.**<br>Бір, екі, үш, төрт, бес!*(әр санақ шапалақпен)*<br>Кімдер тұрады біздің үйде?<br>Бір, екі, үш, төрт, бес!*(әр санақ сайын саусақ бүгіп)*<br>Санап шығам мен лезде:<br>Әкем, анам, ағам – әпкем және мен!<br>Жанұямыз біз үлкен! | Саусақ гимнастикасын орындайды. | 2 мин. |
| 5 | **«Тәулік мезгілдерін ретімен атап шық» - ойыны.**<br>Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту, қоршаған ортамен таныстыру<br>Нұсқаулық: бала өз еркімен суреттегі және күнделікті өмірдегі тәулік мезгілдерін ажырата білуі керек және атап шыға алуы қажет. | Тәулік мезгілдерін атап шығады. | Тәулік мезгілдері бейнеленген сурет.<br>10 мин. |
| 6 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді:

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№11 «Аяз ата келеді»**

«23» желтоқсан 2024ж.

**Мақсаты:** қиял, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, назар аудару және визуалды қабылдау, ұсақ моторлық дағдыларын дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Мен істей аламын» - жаттығуы, сәлемдесу рәсімі.**<br>Мақсаты: Балаларда өзін-өзі бағалауды дамыту (өзін-өзі бағалауды арттыру), өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Нұсқаулық: Балаларға көздерін жұмып, өзі жасай алатын дүниелерді айтып шығуын сұраңыз. Мысалы: *«Мен тез жүгіре аламын»* және т.с.с. | Балалар сәлемдеседі және не істей алатындарын айтып шығады. | 2 мин. |
| 2 | **«От тұтату» - жаттығуы.**<br>Қаламды екі алақанмен қысып ұста. Бірінші ақырындап, кейін тезірек саусақ басы мен білекке дейін қозғалта қимыл жаса. Ал енді екі қаламмен осы әрекетті жасап көр.<br> | Қаламмен жаттығу жасайды. | Екі қалам<br>3 мин. |
| 3 | **«Аяз ата келеді» - жаттығуы**<br>Мақсаты: ойлау, визуалды көру қабілеттерін дамыту.<br>Нұсқаулық: психолог балаларға суретті көрсете отырып: «Балалар қарандаршы – Аяз ата мен Ақшақар орман ішіндегі шыршаларды безендіруде. Бірақ, безендіруге арналған ойыншықтар ішінде артық заттар бар екен. Қалай ойлайсыңдар, қандай заттар артық және не себепті?<br> | Артық заттарды тауып, неліктен артық екендігін түсіндіреді. | Бланк<br>10 мин. |
| 4 | **«Жасырын бейнелер» - ойыны.**<br>Балалар суретке мұқият қарап шығыңдар және суретші қандай бейнелерді жасырып қойғанын табыңдар.<br> | Жасырын бейнелерді табады. | Бланк<br>5 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:**

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
**№12 «Үйшік»**

«24» желтоқсан 2024 ж.

**Мақсаты:** қиял, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру, назар аудару және визуалды қабылдау, ұсақ моторлық дағдыларын дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Жаңбыр» - сәлемдесу рәсімі.**<br>Мақсаты: ұсақ моторика, зейін және белсенділікті дамыту.<br>Нұсқаулық: балалар психолог соңынан қайталай тізбек бойынша бір – біріне келесі қозғалыс түрлерін жеткізеді – жел (алақандарын ысқылайды), жауын тамшылары (саусақтарын шытырлата), жаңбыр (кеудесінен ұра), нөсер жаңбыр (аяқтарымен топырлата). | Балалар сәлемдеседі, психогимнастиканы орындайды. | 3 мин. |
| 2 | **«Алыс, алыс ну орманда...» - ойыны.**<br>Мақсаты: көшбасшылық қасиеттерді анықтау, қиял, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Нұсқаулық: ойыншылар көздерін жауып, орындықтарға отырады, ал баяндамашы ережелерді түсіндіреді: «алыс, ну орманда кім? ...» дегенде... Мысалы,ойыншылардың бірі « қу түлкі» деп жауап қатады. Егер бір мезетте бірнеше жауап бірдей айтылса, ол жауаптар қабылданбайды. Кейде ойыншыларға жауап беру қиынға соғады, себебі кім жауап беретіндігін анықтау мүмкін емес. Бірақ жүргізуші ойынға кедергі болмай балалардың өздері шешуіне мүмкіндік беруі қажет. Жалғыз жауап алынған кезде жүргізуші сұрақты ірмен қарай жалғастырады: «Алыс, алыс ну орманда қу түлкі ...». жауаптар жоғарыда баяндалған шарт бойынша қабылданады. Бұл ойынды ығыры шыққанша ұзақ ойнауға болады. Немесе бірінші фразамыз қажетті деңгейде ұзарғанда қайта басынан бастауға болады. Басты шарт – барлық сөйлем «Алыс, алыс ну орманда...» деген сөзтіркесімен басталуы қажет. | Сөйлемді аяқтайды | 7 мин. |
| 3 | **«Үйшік» - ойыны.**<br>Мақсаты: үйлестіру қабілетін, визуалды қабылдау, сөйлеу мәнерін дамыту.<br>Нұсқаулық: баалар суреттегі жан – жануарлар адасып кеткен сияқты. Қане, біз оларға үйлерін, мекен етер орталарын табуға көмектесейік.  | Аңдардың үйлерін тауып береді және өз таңдауларын түсіндіреді. | Дидакт.к карта<br>10 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** _________

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№13 «Сиқырлы нүктелер»**

«8» қаңтар 2025ж.

**Мақсаты:** ойлау, зейін аудару,визуалды қабылдау дағдыларын, ұсақ моториканы дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Көңіл – күйің неге ұқсайды?» - сәлемдесу рәсімі.**<br>«Сәлеметсіз бе? Сізді көргеніме өте қуаныштымын! «Көңіл – күйіңіз қандай? Оны неге ұқсатуға болады? – Менің көңіл – күйім аппақ бұлттай! Ал сенің ше?» | Балалар сәлемдесе отырып, өз көңіл күйлерінің неге ұқсайтындығын айтып шығады. | 2 мин. |
| 2 | **«Баян және барабан» - саусақ ойыны.**<br>Баянды алып қолыңа, *(баянда ойнағандай түр жасау)*<br>Дүрсіл соқсын барабан. *(барабан соққанын көрсету)*<br>Рояль болып сен ойна *(рояльда ойнаған бейне жасау)*<br>Қызыққа толсын айналаң! | Нұсқаулықты орындайды. | 3 мин. |
| 3 | **«Сиқырлы нүктелер» жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұсақ моториканы, визуалды қабылдау, зейінді дамыту.<br>Нұсқаулық: суретті нүктелері бойынша байланыстырып салып шығу және бояу.<br> | Нүктелері бойынша байланыстыра сурет салып шығады, бояйды. | Дидакт.к карта<br>12 мин. |
| 4 | **«Көңілді жолдар»**<br>Мақсаты: ойлау қабілетін, зейін, визуалды қабылдау дағдыларын дамыту.<br>Нұсқаулық: әр қатардан артық жануарларды атап шық.<br> | Суретте бейнеленген артық жануарларды атап шығады. | Бланк<br>10 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді: Сеитова А.

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№14 «Көңілді зообақ»

«13» қаңтар 2024ж.

Мақсаты: ойлау, зейін аудару,визуалды қабылдау дағдыларын, ұсақ моториканы дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Есім – жаңғырық» - сәлемдесу рәсімі.**<br>«Сәлеметсіңдер ме балалар? Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгін сендермен ерекше түрде сәлемдесейік: әр қайсысың кезек бойымен өз аттарыңды айтып шығасыңдар, ал біз барлығымыз хормен қайталаймыз». | Балалар нұсқаулық бойынша амандасады | 3 мин. |
| 2 | **«Сиқыршы» - саусақ ойыны.**<br>Қолыма қайшы түссе менің *(оң қолмен қайшы бейнесі)*<br>Сиқыршыға айнала кетемін *(сол қолмен сиқыршы таяқ бейнесі)*<br>Қағаздардан өрнектеп<br>Сан кескіндер кесемін *(қайшымен қиу бейнесі)*<br>Бояймын түрлі түстерге *(сурет бояу бейнесі)*<br>Ұсыну үшін сіздерге... *(екі қолды кеуде тұсынан екі жаққа ашу)* | Нұсқаулықты орындайды. | 5 мин. |
| 3 | **«Көңілді зообақ» жаттығуы**<br>1. Суретте бейнеленген пілдің баласына тамақ бер және олар туралы әңгімеле.<br><br>2. Пілдің баласына бергің келген, кез келген затты бояп шық.<br> | Суреттегі беруге болатын тағам түрлерін табады.<br><br>Суретті бояп шығады. | Бланк, түрлі – түсті қалам.<br>10 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді: [signature] Сеитова

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№15 «Ермексаз елі»**

«30» қаңтар 2026ж.

**Мақсаты:** ойлау, зейін аудару,визуалды қабылдау дағдыларын, ұсақ моториканы дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар жән уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Көңілді сәлемдесу» - сәлемдесу рәсімі.**<br>«Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Бүгін сендермен ерекше түрде сәлемдесейік. Ол үшін шеңбер бойымен тұрып, әркім өзінің есімін атап, сол жағында тұрған көршісімен алақандарын соғады. Мысалы мен – Ярамен алақан соғыстырамын, Яра өзін таныстырып Фирузамен алақан соғады.... Ал енді, дәл осылай иықтарымызбен, арқамызбен, шекемізбен амандасып көрейік. Керемет!». | Балалар нұсқаулық бойынша амандасады | 3 мин. |
| 2 | **«Өнерлі он саусақ» - саусақ ойыны.**<br>Бір саусағым тіпті де,<br>Ұстай алмас жіпті де.<br>Екі саусақ бірікті,<br>Ине қолға ілікті.<br>Үш саусағым орайды,<br>Жүгіртеді қаламды.<br>Өнерлі екен он саусақ,<br>Қала салсақ, жол салсақ. | Нұсқаулықты орындайды | 3 мин. |
| 3 | **«Ермексаз елі» ойыны.**<br>Мақсаты: қиял, моторика, қол бұлшық – етін дамыту, командалық ойынды көрсету.<br>Психолог балаларға бір ертегіні айтып береді.<br>«Балалар, сендердің осы ертегі еліне барғыларың келе ме? Ол үшін тек көздерімізді жұмып, сиқырлы әуенімізді тыңдасақ болды. Әркім өзінің қандайда бір оқиғасына ереді, музыка біткенде көздеріңді ашып, қалай болғанын айтып беріңдер».<br>«Сендер нағыз ертегішілер екенсіңдер! Қаншама керемет оқиғалар құралды. Ал енді, ғажайып әлемімізді ермексаз көмегімен бейнелеп көрейікші. Ол үшін картон қағазын және түрлі көмекші заттарды (түрлі макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ дәні, түйме және т.б.) қолдануға болады».<br>Содан соң сиқырлы әлемге тағы бір рет оралу үшін және ол әлем сұлулығына бір қарау үшін, жасалған жұмыстар бойынша шағын көрме ұйымдастыруға болады. | Психолог әңгімесінен кейін елестеткен ертегі елін, ермексаз көмегімен бейнелейді. | Ермексаз жән түрлі көмекш заттарды (түр макарон өнімдері, дәндер, сүйектер, үрмебұршақ дәні, түйме және т.б.) 15 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** _________________

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№16 «Сиқырлы тамшылар»

«07.01 қаңтар 2025ж.

**Мақсаты:** визуалды қабылдау, зейін аудару, қозғалу белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **«Қайырлы таң!» - сәлемдесу**<br>«Сәлеметсіңдер ме, балалар? Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Қанекей, барлығымыз бірге қолдарымыздан ұстап, бір – бірімізбен «Қайырлы таң!» деп амандасайық. Жарайсыңдар! | Балалар қол ұстасып, бір – біріне күлімдей қарап, «Қайырлы таң!» деп амандасады. | **2 мин.** |
| 2 | **«Үстел басында» - саусақ ойындары.**<br>Менің әжем, нар әжем,<br>Көп жасаған кәрі әжем.<br>Көзілдірік тағып ап, *(саусақтарымен көзілдірік жасап)*<br>Талай ертегі оқушы ең. *(ашылған кітап бейнелей)*<br><br>Менің әжем, нар әжем,<br>Көп жасаған кәрі әжем.<br>Тыңдап жатып ертегін, *(екі қолдарын желкесіне қойып, рахаттана)*<br>Тәтті ұйқыға батушы ем! *(Алақандарын біріктіре бетінің астына қойып)* | Нұсқаулық бойынша көрсетілген қимылдарды қайталайды | 3 мин. |
| 3 | **«Сиқырлы тамшылар» жаттығуы.**<br>Психолог алдымен өзі жасап, содан соң балаларға қалай жасау керектігін үйретеді. Қылқаламды қажетті бояу түсіне батырып алып, қағаз үстінен ұстап тұрамыз, ақырын қылқалам сабынан ұрғылаймыз. Осылайша, болашақ салынатын суретке арналған тамаша фон дайындауға болады. Сонымен қатар, бояу тамшыларын тамызбай тұрып, қатты қағаздан дайындалған үлгілерді ( үшбұрыш, домалақ және т.с.с) қойып, ерекше бейнелер жасауға болады. | Қылқаламды қажетті бояу түсіне батырып алып, қағаз үстінен ұстап тұрып, ақырын қылқалам сабынан ұрғылай сиқырлы тамшылар жасайды. | Бояу, қылқалам, қағаз<br>**15 мин.** |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | **2 мин.** |

**Тексерілді:** Асеит Сеитова Л

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№17 «Көңілді балықтар»**

«31» ақпан 2025ж.

**Мақсаты:** визуалды қабылдау, зейін аудару, қозғалу белсенділігі, ұсақ моторикасы дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>**Сәлемет пе? Шуақты күн көктегі!**<br>*(оң қолын жоғары созу)*<br>**Сәлемет пе? Нұрлы аспан көкпеңбек!**<br>*(екі қолды жоғары созу аспанды көрсетеді)*<br>**Сәлемет пе? Жер шарым – жайқалған!**<br>*(екі қолын жаю, бір орында айналу)*<br>**Сәлем сәлем таңменен жаңа атқан!**<br>*(оң қолын кеудесіне қойып, сәл иіле)* | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Балықтар суда жүзеді» - саусақ гимнастикасы.**<br>**Алуан түрлі балықтар,**<br>**Су астында жүзуде.**<br>*(алақандарын біріктіре жүзу қимылын жасайды)*<br>**Жүзеді оңға, жүзеді солға,**<br>**Шошып түсер анда-санда.**<br>*(оңға, солға теңселе, бір рет секіреді)* | Нұсқаулық бойынша көрсетілген қимылдарды қайталайды. | 3 мин. |
| 3 | **«Көңілді балықтар» - ойыны.**<br>Мақсаты: визуалды қабылдау, қозғалыс үйлесімін дамыту.<br>Психолог балаларға:<br>«-Балалар, теңізде үлкен – кішілі көп балықтар ауланады. Қазір бізде сендермен бірге балық аулауға барайық». Балалар балықтар жүзіп жүрген арнайы су толы ыдысқа келіп, қармақтарымен әркім өз шелегіне ұстаған балықтарын жинайды.<br>«-Қармағымыз жақсы қауып, көп балық ұстадық! Оларды қайта суға жіберсек, қалай қарайсыңдар? Мекендерінде асыр сала жүзсін!<br>-Балалар су астында жүзген балықтар желбезегі арқылы демалады. Олар дем алғанда ауа көпіршіктерін көруге болады. Қане бізде сол балықтар сияқты көпіршіктер жасап көрейікші». (Сабын көпіршігімен көпіршіктер үрлейміз). | Арнайы қармақтар көмегімен балықтар аулап, сабын көпіршектерін үрлейді | Су толы ыдыс, магнит жапсырмасы бар қармақ және балықтар, сабын көпіршігін үрлеуге арналған ойыншықтар<br>15 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді: Сеитова А.

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**

**№18 «Анамызға арналған гүл вазасы»**

«18» ақпан 2025ж.

**Мақсаты:** визуалды қабылдау, зейін аудару, қозғалу белсенділігі, ұсақ моториканы, тапқырлық қабілетін дамыту.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>**Барлық бала шеңберге жиналды.**<br>Достар , бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер!<br>Достарымның барлығын,<br>Сыйлап, жақсы көремін.<br>Алақаным арқылы<br>Жылуымды беремін.<br><br>Шақырамын сендерді<br>Жолдастарым кел бері<br>Толтырайық шаттыққа,<br>Дөңгеленген шеңберді.<br>Бақыт толы шеңберге,<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қол ұстасып келдік біз,<br>Жан достармыз енді біз. | Шаттық шеңбер бойында жиналады. Психолог соңынан қимылдарды қайталайды | 2 мин. |
| 2 | **Психологиялық гимнастика. «Гүлдерге арналған гимнастика».**<br>Балалар гүл рөлін ойнайды.<br>Алдымен «тамырға» арналған гимнастика жаттығуларынан бастаймыз: Аяқтарымызбен топырлатамыз, отырып тұрамыз, екі аяқты кезегімен алдыға соза көтереміз!<br>Содан соң «гүл сабағына» арналған жаттығуларына көшеміз: қолдарымызды жоғары көтеріп, жел тербегендей қозғаламыз, толық денемізбен оңға және солға қарай қисаямыз.<br>Әрі қарай «гүлдеріміз» «жапырақтарға» арналған жаттығуларға өтеді: қолымызды төмен түсіреміз және қайта көтереміз, оңға және солға сермейміз, алақандарымызды соғамыз.<br>Соңында «гүл шоғына» арналған жаттығуларымызды жасаймыз: алақанымызды бірнеше рет ашып жабамыз, саусақтарымызды бірнеше рет бүгіп – жазамыз, соңынан қолдарымызды босаңсыта сілкілейміз. | Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. | 3 мин. |
| 3 | **«Анамызға арналған гүл вазасы» жаттығуы.**<br>Мақсаты: ұсақ моториканы, сезім және түстерді үйлестіру қабілетін дамыту.<br>Нұсқаулық: «Балалар бізде бос гүл вазалары бар екен. Оларды өз сезімдеріміз бен көңілдерімізге (махаббат, бақыт, қуаныш және т.с.с) толы гүлдермен толықтырып, аналарымызға арналған гүл шоғын дайындасақ, қалай қарайсыңдар?». Алдын ала қағаздан дайындалған ваза үлгілеріне балалар гүл шоғырын жинақтайды (түрлі – түсті қағаздардан гүлдер ойып, вазаға жапсырады) және әр гүлді өз сезімдерімен немесе эмоцияларымен атайды. | Алдын ала қағаздан дайындалған ваза үлгілеріне балалар гүл шоғырын жинақтайды және әр гүлді өз сезімдерімен, эмоцияларымен атайды. | Қағаздан ойылған ваза үлгілері, түрлі – түсті аппликация, желім (түрлі – түсті қағаздардан гүлдер ойып, вазаға жапсырады) |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>**Рефлексия:** Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** Сеитова Л.

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№19 «Көктем гүлдері»**

«27» ақпан 2025 ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Күліп шықты Күн бүгін!**<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық.<br>Қол ұстасып бәріміз<br>Ақ тілекті жолдайық!<br>- Әлемде нұр тыныштық,<br>Әрбір бейбіт күн ыстық.<br>Қайырлы таң бақшамыз,<br>Қайырлы күн достарым! | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Алқаптағы гүл» - саусақ гимнастикасы.**<br>Алқапта өсіп тұр, жайқалған бір гүл,<br>*(екі алақанымызды біріктіре жабық гүл формасын жасаймыз)*<br>Көктем таңымен құлпырған дүл-дүл.<br>*(саусақтарымызды ашып жайылған гүл шоғырын бейнелейміз)*<br>Бойына біткен нәр менен сұлулық<br>*(саусақтарымызды ашылған гүл формасында ұстап тұрып, толқындата қозғалтамыз)*<br>Жиналар жердегі тамырынан тартылып.<br>*(қолымызды төмен түсіріп, саусақтарымызды жыбырлата тамырларды бейнелейміз)* | Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. | 3 мин. |
| 3 | **«Көктем гүлдер» жаттығуы. /автор/**<br>Мақсаты: кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау<br>Нұсқаулық: Психолог балаларға – А4 қағазын, қайшы, түрлі – түсті қаламдар мен желім таратады. «-Балалар гүлге қарап, қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? (домалақ, сопақ). Дұрыс! Жарайсыңдар! Қазір сендермен бірге осы пішіндердің көмегімен сиқырлы көктем гүлдерін құрастырайық. Алдымен пішіндерді ойып, дайындап алсақ, кейін барлық пішіндерді біріктіріп, желімдеп шығамыз. Ал, енді балалар – әркім өз көңіл – күйіне ұқсайтын түстерді таңдап ал, гүлімнің боял шығайық... Қане бастайық!». Балалармен бірге жұмыстарын талқылаңыздар, гүл сезімін және баланың көңіл – күйін сұрап шығыңыз. | Сұрақтарға жауап береді, гүл пішіндерін дайындайды, құрастырады және түрлі түсті қаламдармен бояп шығады. | А4 қағаз, түрлі - түсті қалам, қайшы, желім<br>12 мин. |
| 4 | **«Көжегім менің, көжегім» - көзге арналған жаттығуы.**<br>Көжегім менің, көжегім, алақаныма секір менің,<br>Көжегім менің, көжегім, не деген кішкентай едің,<br>Секір менің мұрныма, ығыма. керемет сенің секіргенің<br>Маңдайыма шық менің, секір қайта ығыма<br>Көзімізді жұмдық біз, ал күннің көзі тұр жадырап,<br>Бетімізге түскен сәулесі, жеңіл ғана қыздырад(ы)!<br>*(қолдарымызды алға созып, оң қолымыздың сұқ саусағын сол алақан үстіне қойыңыз. Саусақ қозғалысына көз жүгіртіп, сұқ саусақты мұрынға баяу тигізіп, иыққа, маңдайға, қайта иыққа жақындат, Сұқ саусақ қозғалысын көз қарашығымен үзбей қадағалап тұрамыз. Көздеріңізді алақаныңызбен жабыңыз)* | Көз жаттығуын жасайды | 2 мин |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** ____________________

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№20 «Көңілді гномдар»**

«25» ___ақпан___ 2025ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Көктем келді, балақай,<br>Жасарды жер, алақай.<br>Наурыз тойын тойлайық,<br>Әсем әнге салайық. | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Гномдардың қонақ шақырды» - саусақ гимнастикасы.**<br>**Гномдар бірде қонақ шақырды**<br>**Мақтанып, үйін – тәтті тамақты**<br>**Қызғанышы керней алайда**<br>**Ойлады көбірек алып қалуды.**<br><br>**Құлықпен олар қонақты**<br>**Тосаппен сыйлай бастады.**<br>**Ауыс тиген қонақтың**<br>**Сіресе қатты қасығы.**<br>*(барлық саусақ ұштарына тосап жағып, бір – біріне жабыстырып тигізе ұстап тұрамыз, саусақтарымызды ажыратып көреміз, қол саусақтарын ашу оңай болмайтындай, тауланған қонақтар кейпін салдаймыз)* | Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. | Дидактикалық ойыншық - гном<br>3 мин. |
| 3 | **«Көңілді гномдар» - жаттығуы.**<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, логикалық ойлау, қарым – қатынас дағдыларын дамыту.<br>Психолог: «-Балалар, бізге бүгін гном қонаққа келіпті және оның көңілдері түсінкі екен (психолог құлағын ойыншыққа тосып, тыңдап тұрған бейне жасайды). – Білесіңдер ме, балалар? Ол өзінің гном бауырларымен тығылмашақ ойнап, оларды таба алмай жүр екен. Қанекей, біз табуға көмектесейік. Ол бізге айтып тұрады, ал біз іздейміз». Психолог гномға құлағын тосып, гномның орнына ертерек тығылып қойылған басқа гномдардың орнын (оңға, солға, жоғары, төмен – деген сөздерді қолдана) айтып отырады. | Нұсқаулыққа сәйкес балалар ойыншықтар іздейді. | Дидактикалық ойыншық – гном<br>**10 мин.** |
| 4 | **«Мұрын» - көзге арналған жаттығуы.**<br>Мұрын оңға-солға қарай қарауда<br>Мұрын жоғары - төмен қарауда<br>Мазасыз мұрын не көрді?<br>Қай жаққа көз жүгіртті? | Бірден жанарымызды оңға-солға қаратамыз. Бірден жанарымызды жоғары-төмен қаратамыз. Қабақ үстінен сұқ саусақпен жеңіл жүргіземіз. | |
| 5 | Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

Тексерілді:___________________

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№21 «Кімге не қажет?»**

«11» [illegible] 2025 ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Күнім күліп арайлы,<br>Терезеңнен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды.<br>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін! | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **Саусақтар шынжыр болады,**<br>**Үзілмейді тартсаңда.**<br>*(Оң және сол қолдағы басбармақпен балан үйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды)*<br>**Ал, піл келіп шынжырды,**<br>**Үзіп кетті басқанда.**<br>**Тұмсығымен доп іздеп,**<br>**Ойнағысы келіп тұр.**<br>*(Оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыршүмек саусақ алдыңғы аяқтар,ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.)*<br>**Достық үшін пілге мен,**<br>*(Алақандар бір-бірімен жабысады (доп пішінін жасайды))*<br>**Гүл сыйлағым келіп тұр.**<br>*(Қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады, Саусақтар ашылады)* | Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. | 3 мин. |
| 3 | **«Кімге не қажет?» - жаттығуы.**<br>Мақсаты: Мамандықтар туралы білімді бекіту, зейін, ойлау және визуалды қабылдау қабілеттерін дамыту.<br>Берілген суреттегі мамандық иесіне қажетті құрал – саймандары мен заттары бейнеленген карточкаларды балалар дұрыс таңдай алулары қажет. | Әр мамандыққа қажетті суреттерді анықтайды. | «Мамандық» дидактикалық ойыны<br>10 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:**________________

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№22 «Көңілді бағдаршам»**

«11» наурыз 2015ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Арайлап таң атты,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Алтын шапақ таратты,<br>Қайырлы таң балалар!<br>Әлемде нұр тыныштық,<br>Әрбір бейбіт күн ыстық! | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Көңілді бағдаршам» - қозғалыс ойыны.**<br>Сигнал бойынша, ойынды жүргізуші жасыл түсті карточка көрсеткенде – балалар қозғала алады, сары карточка көрсеткенде – балалар мұқият болуы және дайындалулары керек екенін түсінулері керек, ал қызыл карточка көрсетілгенде – сигнал кезінде қандай позада болса, сол позада бірден қатып қалулары керек. Кімде – кім қозғалып қойса – ұтылады:ойыннан шығарылады. | Нұсқаулық бойынша ойнайды. | Қызыл, сары және жасыл түсті карточка<br><br>6 мин. |
| 3 | **«Қызықты суреттер» - жаттығуы.**<br>Ойын мектеп жасына дейінгі балаларға арналған және заттардың атауларын есте сақтауға дайындайды. Бес қағазға қызықты және шынайы өмірде жоқ – жемістер, көкөністер, жануарлар және т.б. суреттерін салып шығу керек. Олардың әрқайсысына ерекше атаулар беріледі. Сосын балаларға көрсетіп, атауларын айтып шығады. Балаларға оларды есте сақтап алу қажеттігі алдын ала ескертіледі. Сосын суретті бірнеше секундқа жасырып, кезекпен балаларға көрсетеді, ал балалар олардың ерекше атауларын дұрыс табулары қажет. Егер бір баламен айналысатын болсаңыз – ол тек көбірек атаулар табуы қажет екенін ескеріңіз. Егер бірнеше баламен ойнасаңыз – олардың арасында әр берген дұрыс жауап үшін бір баллдан тағайындап, жарыс ұйымдастырыңыз. Егер балалар кішкентай болса – атауларын қарапайымдау және жеңіл, ал суреттерін кішірек жасаңыз. | Суреттерді естеріне сақтап алып, олардың атауларын табады. | Заттар бейнеленген суреттер нұсқасы<br>8 мин. |
| 4 | **«Көжегім менің, көжегім» - көзге арналған жаттығуы.**<br>Көжегім менің, көжегім, алақаныма секір менің,<br>Көжегім менің, көжегім, не деген кішкентай едің,<br>Секір менің мұрныма, иығыма. керемет сенің секіргенің<br>Маңдайыма шық менің, секір қайта иығыма<br>Көзімізді жұмдық біз, ал күннің көзі тұр жадырап,<br>Бетімізге түскен сәулесі, жеңіл ғана қыздырад(ы)!<br>*(қолдарымызды алға созып, оң қолымыздың сұқ саусағын сол алақан үстіне қойыңыз. Саусақ қозғалысына көз жүгіртіп, сұқ саусақты мұрынға бару тигізіп, иыққа, маңдайға, қайта иыққа жақындат. Сұқ саусақ қозғалысын көз қарашығымен үзбей қадағалап тұрамыз. Көздеріңізді алақаныңызбен жабыңыз)* | Көз жаттығуын жасайды | 2 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:**_____________________

Scanned with
CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№23 «Ауа, көк аспан және қара жер»**

«13.10» наурыз 2025 ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.
**Мақсатты топ :** ортаңғы топ
**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Армысың мейірімді жер – ана,<br>Армысың шұғылалы Алтын-күнім,<br>Армысың,балабақша дос-жараным.<br>Армысың еңселі елім менің,<br>Армысың бақ дәулетті жерім менің.<br>Армысың ардақты ата,асыл әжем,<br>Армысың қамқор әке,қамқор анам! | Психолог соңынан қайталайды | 2 мин |
| 2 | **«Жаңбырдан кейін» - саусақ гимнастикасы**<br>Жаңбырдан кейін не істеу керек? Жүгіргейсің шалшықтардан секіріп...<br>Жаңбырдан кейін не істеу керек? Ойнағайсың қағаз кеме жіберіп...<br>Жаңбырдан кейін не істеу керек? Сырғанашы Кемпірқосақ үстінде...<br>Жаңбырдан кейін не істеу керек? Себепсіз ақ күлкі ойнасын жүзіңде... | Психологпен бірге, нұсқаулық бойынша жаттығу жасаймыз. | 3 мин. |
| 3 | **«Ғажайып орман» - ойыны.**<br>Үлкен қағаз бетінде бірнеше ағаш және әр жерде шашырай – кішігірім түсініксіз пішіндер мен сызықтар салынған. Енді орманды салып бітіруге кіріссек болады. Бітпей қалған барлық суреттерді (әр бала өзіне тапсырылған пішіндерді аяқтап шығады) қалған затқа айналдыра салып шығуға болады, мысалы: көбелек, құстар немесе гүл, ағаш, өзге ғаламшар келімсегі және т.с.с. Толығымен сурет салуды аяқтаған соң, балалармен бірге не салғандығын талқылап, ғажайып орманның мекендеушілері есебінде қызықты әңгімелер құрастырамыз. Сонымен қатар «Ғажайып теңіз мекені», «Ғажайып алқап», «Ғажайып саябақ» және т.с.с. тақырыпта балалармен жұмыс жасауға болады. | Бітпей қалған сызбаларды аяқтап, әңгіме құрастырады. | Алдын – ала дайындалған, аяқталмаған сызбалары бар үлкен ақ қағаз<br>12 мин. |
| 4 | **Көру жанарына түсетін қысымды басуға арналған жаттығу**<br>***(«Аветисов белгісі»)***<br>Балалар терезе алдына тұрып, өте алысқа қарайды. Содан кейін бірден терезе бетіндегі нүктеге зейінін аударады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Жаттығу біткеннен соң – екі көзімізді алақанмен жабамыз (қараңғы үйшікке жасырамыз). | Жаттығуды орындайды. | 2 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:**____________________

Scanned with CamScanner

**Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі**
**№24 «Бақша гүлдері»**

«31» наурыз 2025ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, топтарға жіктеу, сезімін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Ертемен ақ пейілмен:<br>«Қайырлы таң!» - деймін мен.<br>Гүл сыйлайын және де,<br>Ізгі – ниет тілекпен! | Психолог соңынан қайталайды. | Дидакт.қ ойыншық – гүл.<br>2 мин. |
| 2 | **«Анамызға арналған гүл» - саусақ гимнастикасы.**<br>Гүлзарда біздің өсіп тұр,<br>Үлкен раушан жайқала.<br>*(саусақтарымызбен ашылып жабылған гүл бейнесін жасаймыз)*<br>Желмен бірге тербеліп нұр,<br>Теңселеді жай ғана.<br>*(оны жел теңселгендей оңға-солға қозғаймыз)*<br>Осы гүлді тамаша,<br>Тарту етем анама!<br>*(мимика, қимылдар)* | Нұсқаулықты орындайды. | 3 мин. |
| 3 | **«Бақша гүлдері» ойыны.**<br>Әр балаға – болашақ жасалатын гүлдің ортасы болатын – домалақ карточкалар беріледі. Карточкалардың бірінде піл, бірінде – көйлек, бірінде – ара бейнеленген. Содан соң ойын лото түрінде жалғасады. Ойынды жүргізуші балаларға белгілі бір тақырыптарға сәйкес (киім, аң, жәндіктер және т.б.) карточкаларды үлестіреді. Балалар қолындағы карточкадағы суретке үйлесетін тақырыптық заттарды тауып, гүл құрастырады. | Нұсқаулық шарттарын орындай отырып ойнайды, ортақ белгілері бойынша суреттерді біріктіреді. | Әр түрлі заттар бейнеленген карточкалар<br>12 мин. |
| 4 | **«Қырағы көздер» - көзге арналған жаттығу**<br>**Көзім жақсы көрсін деп, көз жаттығуын бастаймын:**<br>***Көз айналдыру.*** Бастарыңды қозғалтпастан көздеріңді алдымен сағат тілімен, сонан соң кері бағытта он реттен айналдырыңдар. Енді осы жаттығуды жұмулы көздеріңмен қайталап шығыңдар.<br>***Төрт бағытқа қарау.*** Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар.<br>***Көзіңді жұм.*** Екі көздеріңді бірдей қатты жұмыңдар. Сонан соң бір нәрсеге таңқалғандай көздеріңді қатты ашыңдар. Мұны да бірнеше рет қайталаңдар.<br>***Жыпылықтату.*** Көздеріңді қатты әрі тез-тез ашып-жұмыңдар. Бұл жаттығуды тез және көбірек істеген пайдалы.<br>***Ұйқы.*** Ал енді көздеріңді жұмып, ұйқыға жатқандай өздеріңді бос ұстаңдар. Жағымды, қуанышты нәрселер туралы ой ойлаңдар. | | |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** ____________________

Scanned with CamScanner

...ны түзету – дамыту оқу қызметі

## №25 «Дос болайық!»

«22» окт 2025 ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Қол алысып, кане, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Ақылды саусақтар» - саусақ гимнастикасы**<br>Саусақтарым ақылды, *(саусақтарын көрсете жыбырлатады)*<br>Жаттығулар жасайды. *(екі қол саусақтарын айқастыра тез – тез бұратамыз)*<br>Ширатамын ашып – жұмып,<br>Жан – жағына қарайды!<br>Жаттығуды жасаған,<br>Саусақтарым жарайды! | Тақпақты айта отырып, саусақ гимнастикасын жасайды. | 3 мин. |
| 3 | **«Әрекетті бағала» - психологиялық ойыны.**<br>Психолог:<br>«-Балалар бүгін бізге - кішкентай пингвин Лоло қонаққа келіпті. Лоланың достары ренжісіп қалыпты, кане, оларды достастыруға бәріміз көмектесейік. Бірақ, алдымен біз – жақсы және дұрыс емес әрекеттерді анықтап алайық». Әрі қарай психолог бірнеше жанжалды жағдай бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар жағдайды қарастырып, психологпен бірге талдайды. Қандай нормалар бұзылғандығын, жағдайдың дұрыс – бұрыстығын бағалайды. Одан соң бұл жағдайларды шағын этюд түрінде қайталап, балалармен бірге сол жанжалды жағдайды дұрыс шешу жолдарын көрсету арқылы ойнап шығуға болады. | Пингвин Лолоны қарсы алады, жанжалды жағдайды шешуге көмектеседі, қателіктерді жөндейді. | Дидакт. ойыншық – пингвин<br>12 мин. |
| | **Көру қабілетін түзетуге (коррекция) арналған жаттығулар.**<br>*(В. Базарный әдісі бойынша)*<br>Балалар ватман қағазға салынған спиральдар бойымен көздері арқылы «жүгіреді».<br> | | Спиральдар сызылған ватман қағазы<br>2 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин |

Тексерілді:___________________

Scanned with CamScanner

Арнайы түзету – дамыту оқу қызметі
№26 «Ойыншық қуыршақ және солдат»

«15.02» сәуір 2025 ж.

**Мақсаты:** зейін аудару, кең ойлау қабілетін дамыту, түс және пішіндер туралы білімдерін қайталау, сезімдерін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>Аязда да тоңбаймыз<br>Аптапқада төземіз,<br>Түнде де жол барлаймыз,<br>Суда еркін жүземіз.<br>Бұл шақта,бұл шақта,<br>Кішкентаймыз қазір біз<br>Кішкентай болсақ та,<br>Ел қорғауға өзірміз. | Психолог соңынан қайталайды. | 2 мин. |
| 2 | **«Жауынгер» - саусақ гимнастикасы.**<br>**Сап түзеп шықты нық басып, Қырандай берік ұланың.**<br>**Ұлы Отан қамы үшін, сапты түзеп тұратын!**<br>**Жібермейтін ешқашанда намысты**<br>**Біздің әскер - арыстандай айбатты!**<br>*(саусақтармен үстел үстінде «қадам баса» жүреміз. Бір қатар бойына сап түзетеміз. Екі қолды жоғары көтеріп, ашып – жұмамыз).* | Саусақ гимнастикасын жасайды. | 3 мин. |
| 3 | **«Ойыншық қуыршақ және солдат» - жаттығуы.**<br>Психолог: - Балалар, бүгін бізге, «Қалайы солдат» («Оловянный солдатик») ертегісінің кейіпкерлері: солдат және ойыншық қуыршақ қонаққа келіпті. Олар бізді өте қызықты ойын ойнауға үйретпекші. Ол үшін бәріміз орнымыздан тұрайық, әр қайсымыздың жанымыздан адам өте алатын арақашықтықты сақтаймыз. Солдат секілді тік тұрамыз. Ал енді (қандай кейіпінде екенін көрсетеміз) осы кейіпте ағаш секілді қатая қатып қалайық. Қозғалмаймыз. Сосын ойыншық қуыршақ (мата қуыршақ) секілді денемізді босаңсытып, осы кейіпте біраз тұрамыз (10 секунд). Енді қайтадан қатайып, ағаштан ойып алған солдат секілді тұра қалайық (10 секунд). Қайтадан жұмсақ және былқ-сылқ қозғалған қуыршақ кейпіне енеміз. Қайта солдат болып қатып қаламыз... (бірнеше рет қайталанады). Ал енді үстіне тиген тамшыларды түсіруге тырысқандай қолымызды сілкілейік. Арқамыздан су тамшыларын сілкілейік. Енді шашымыздағы су тамшыларын сілкілейік. Соңында аяғымыздың үстіндегі су тамшыларын сілкілеп тазалайық.<br>Сергіту жаттығынан кейін, психолог балаларға **«Қалайы солдат»** ертегісін оқып береді. | Психолог көрсетуі бойынша жаттығуларды орындайды, ертегі тыңдайды. | Солдат және жұмсақ ойыншық.<br>12 мин. |
| 4 | ***Көз жаттығулары.***<br>***Төрт бағытқа қарау.*** Бастарыңды бұрмастан көздеріңді жоғары-төмен, оңға-солға қозғалтыңдар.<br>***Көзіңді жұм.*** Екі көздеріңді бірдей қатты жұмыңдар. Сонан соң бір нәрсеге таңқалғандай көздеріңді қатты ашыңдар. Мұны да бірнеше рет қайталаңдар. | Көз жаттығуларын орындаймыз. | 2 мин. |
| 5 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылау.**<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** ________

Scanned with CamScanner

## №27 «Мейірімге толы сөздер»

«29» сәуір 2025 ж.

**Мақсаты:** талдай білу, кеңістікте және жазықтықта бағдарлау қабілетін дамыту, сезімін білдіру, көңіл – күй, қарым – қатынас дағдыларына бейімдеу.

**Мақсатты топ :** ортаңғы топ

**Педагог-психолог:** Калиева Б.Ш.

| № | Оқу қызметі түрлері | Балалардың әрекеті | Көрнекі құралдар және уақыт |
|---|---|---|---|
| 1 | **Сәлемдесу.**<br>- «Сәлем», дейміз – Алтын Күн,<br>- «Сәлем», дейміз – Жер – ана.<br>- «Сәлем»,деймін баршаңа!<br>Айтар ізгі тілектерім қаншама<br>- *деп, бір-біріне тілектерін айтады.* | Психолог соңынан қайталайды, бір – бірлеріне тілектерін айтады. | 3 мин. |
| 2 | **«Жарайсыңдар» коллаж жасау.**<br>Психолог алдын – ала тақырыптық суреттер қиындыларын дайындайды.<br>Психолог: «-Қане, балалар үлкен ақ қағаз үстіне өзіміз туралы коллаж құрастырайық. Ол жерде біз қалай бірге ойнай өскеніміз бен қандай керемет жетістіктерге жеткенімізді растайтын суреттерімізді үйлестіріп шығайық». Сосын топ жайында ортақ әңгіме құрастырады. | Коллаж жасап, ақ қағаз бетіне суреттер жапсырып шығады, талқылайды. | 10 мин |
| 3 | **«Мейірімге толы сөздер» - ойыны.**<br>Психолог:<br>«-Балалар бұл біздің осы жылдағы соңғы кездесуіміз екен! Жыл бойында бір – бірімізді жақынырақ танып, достасып кеттік. Қане, қазір сендермен бір – біріне жылы сөздер мен тілектер айта алатын, доппен ойнайтын ойын ойнайық. Барлығымыз шеңбер бойын айнала отырып, допты бір – бірімізге жылы лебіздерімізді айта беріп шығайық». | Шеңбер бойын айнала отырып, допты бір – біріне беріп, ізгі тілектерін айтады. | Доп<br>5 мин. |
| 4 | **Ұйымдастырылған оқу қызметін** қорытындылау.<br>Рефлексия: Сен бүгін нені үйрендің? Саған не қызық болды? | Сұрақтарға жауап береді. | 2 мин. |

**Тексерілді:** ______________

Scanned with CamScanner